

## Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі Тереңкөл ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 16 қарашадағы № 79 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 04 желтоқсанда № 5715 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Тереңкөл ауылдық округі Тереңкөл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 15 тамыздағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Тереңкөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі Тереңкөл ауылының келесі көшелері:  
"Строительная" көшесі "Достық" көшесі болып;  
"Молодежная" көшесі "Жастар" көшесі болып;  
"Речная" көшесі "Ертіс" көшесі болып;  
"Пристань" көшесі "Көксу" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тереңкөл ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Д. Айтышев*